# Оқушыларға алдын ала ұсынылатын  үлестірмелер

| № | Стиль түрі | Публицистикалық  стиль |
|---|---|---|
| 1 | Қолданылатын аясы | Газет-журналдарда, жиналыстар мен митингілерде қолданылады. |
| 2 | Мақсаты | Көпшілікке әсер ету, жұртшылықты  қоғамдық мәні бар іске қатыстыру,  санасына ықпал ету. |
| 3 | Ерекшелігі | ▪ жұртқа үндеу,үгіт айту үшін қолданылады;<br>▪ қоғамдағы маңызды мәселелер тақырып болады:  саяси, экономикалық, экологиялық, мәдени, моральдық мәселелер.<br>▪ сөз нақты, жинақы, тұжырымды құрылады;<br>▪ экспрессивті, екпінді  болады;<br>▪ тыңдаушыларды немесе оқырманды сол мәселеге араласуға жетелейтіндей болып құрылады;<br>▪ тақырыбына сай көркем әдебиет не ғылыми стильге жақын болады;<br>▪ ауызша, жазбаша болады,ауызекі айтылғанда  ауызекі сөйлеу стилінің сипаттарына ие болады. |
| 4 | Стильге тән тілдік тұлғалар (қолданыстар) | ❖ **экспрессивті сөздер, мақал – мәтелдер, тұрақты тіркестер;**<br>❖ **тақырыпқа сай терминдер, жаңа сөздер;**<br>❖ **толымсыз сөйлемдер, эллипсис сөйлемдер (сөйлемнің бір мүшесін алып тастау арқылы құрылған сөйлемдер)**<br>❖ **тыңдаушылардың көңілін бұратын қаратпа сөздер, сұраулы және лепті сөйлемдер;**<br>❖ **риторикалық сұрақтар;**<br>❖ **стильдік қайталау** |

| № | Стиль түрі | Көркем әдебиет стилі |
|---|---|---|
| 1 | Қолданылатын аясы | Көркем әдеби шығармаларда қолданылады. Оқиғаны сурет бейнесінде баяндайды, танытады: оқиға, кейіпкерлердің іс – әрекеті, сөзі, мінезі, келбеті қатысып баяндалады.<br>Көркем әдебиет адамның көңіл-күйін, сезімін оятады, көркемдік тәрбие береді, сөз мәдениетін ұштайды. |
| 2 | Мақсаты | Құбылыстар мен заттарды суреттеу, жанды суретін көрсету, бейнелеу арқылы оқырман сезіміне әсер ету. |
| 3 | Ерекшелігі | Образды, эмоционалды, экспрессивті |
| 4 | Стильге тән тілдік тұлғалар (қолданыстар) | **Образды сөздер (суреттеме құралдары:теңеу, метфора т.б.) мол қатысады;**<br>**Эксперссивті сөздер мол болады;**<br>**Ритм, интонация әсерлілік құру үшін көп қатысады;**<br>**Синоним сөздер, грамматикалық амалдар (сөздердің, сөз тіркестерінің мақсатты түрде қайталанып берілуі)** |

| № | Стиль түрі | Ресми іс қағаздар стилі |
|---|---|---|
| 1 | Қолданылатын аясы | Іс қағаздарында, нұсқау хаттар мен кеңсе құжаттарында қолданылады.<br>Іс қағаздарының түрлері:<br>▪ анықтама<br>▪ өмірбаян<br>▪ өтініш<br>▪ хаттама<br>▪ хабарландыру<br>▪ қызметтік хат түрлері т.б. |
| 2 | Мақсаты | Хабарлау, анық, нақты мәлімет беру. |
| 3 | Ерекшелігі | Іс қағаздар мазмұны анық, дәл жазылады. Оның құрылысы белгілі бір тәртіп, рет бойынша жазылады, мәтін қысқа құрылады. Мәтіннің ортақ қалыптасқан үлгісі болады. Баяндау стилінде жазылады. |
| 4 | Стильге тән тілдік тұлғалар (қолданыстар) | **Ресми сөздер мен тіркестер, хабарлы сөйлемдер, даяр тіркестер мен терминдер қолданылады, экспессивті сөздер қатыспайды, инверсия өте сирек ұшырасады.** |

| № | Стиль түрі | Ғылыми стиль |
|---|---|---|
| 1 | Қолданылатын аясы | Ғылыми еңбектерде, ғылыми баяндамалар жасағанда, мағлұматтарды жүйелеу, қорытындылау, заңдылықтарды ашу бағытында, техникалық жұмыстардың барысын талдауда, дүниедегі құбылыстарды зерттеуде қолданылады. Қатаң логикалық желімен құрылады. |
| 2 | Мақсаты | Адамның ғылыми ізденісінен, зерттеуінен тапқанын ауызша және жазбаша жұртқа жеткізу. |
| 3 | Ерекшелігі | Дәлелді, зерттелген, сөз тура мағынада қолданылады. |
| 4 | Стильге тән тілдік тұлғалар (қолданыстар) | • Ойды дәл,нақты әрі түсінікті етіп жеткізуді көздейді;<br>• Тұжырымды түрде хабарлайды;<br>• Эмоцияға, экспрессияға көп жол берілмейді.<br>• Ғылыми терминдер жиі қолданылады;<br>Сөйлемдердің құрылымдық түрлері:<br> көбіне хабарлы сөйлем болып келеді;<br> өткен шақ пен ауыспалы осы шақта жиі қолданылады,<br> ырықсыз етістен жасалған баяндауыштар көп қолданылады. Мыс: Бидай құнарлы жерге егіледі. |

## Стильдердің тілдік құралдары

***Ғылыми стильде -*** ғылыми терминдер жиі қолданылады. Көбіне хабарлы сөйлем болып келеді. Осы шақ, өткен шақта жиі қолданылады.

***Ресми іс-қағаздар стилінде*** –кітаби, ресми сөздер мен тіркестер, хабарлы сөйлемдер мен даяр тіркестер мен құжат тілдері жиі қолданылады.

***Публицистикалық стильде -*** риторикалық сұрақтар, стильдік қайталау, антитеза пайдаланылады.

***Көркем әдебиет стилінде -*** ауыспалы мағына, көркемдік тәсілдер, суреттеме құралдары(теңеу, метафора) қолданады.

***Ауызекі сөйлеу стилінде*** – қарапайым сөздер мен сұраулы, лепті сөйлемдер жиі қолданылады, көбінесе диалог түрінде келеді

| |
|---|
| **Мәтіндердің тақырыбы, идеясы** |
| |
| **Формасы** |
| |
| **Жанры, түрі** |
| |
| **Мақсатты аудиториясы** |
| |
| **Мазмұны** |
| |
| **Стилі** |
| |

| |
|---|
| **Тура, ауыспалы, көп мағыналы сөздер** |
| |
| **Омоним, синоним, антоним** |
| |
| **Диалект, термин, кірме сөздер** |
| |
| **Жаңа сөз, көнерген сөз, кәсіби сөздер** |
| |
| **Табу, эвфемизм және дисфемизм сөздер** |
| |
| **Мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер** |








Сенің қолыңнан келеді!

Мейіржан педагогикалық білім беретін жоғары оқу орнын бітірген, көкірегі ояу, зерделі азамат. Оның алға қойған мақсаты: мұғалім болып, балаларды дұрыс жолды көрсетіп, тәлім-тәрбие беру. Мейіржан балалық шағынан бері бұл арманына талпынуда. Енді ең бастысы – жұмыс орнын табу.

Мейіржан қатты қобалжып жатқанын көрген қарындасы Іңкәр оған: „Сенің қолыңнан келеді, аға. Сен қобалжыма, сені қабылдайтынына жақсы ойла!"– деді. Мейіржан қарындасының сөзіне сенеді.

Иә, Мейіржан жұмысқа қабылданды!

Мейіржан жұмыста бейімделе алды. Сыныбының оқушылары бірақ бұзық, мұғалімдерді бір шаршатады екен. Мейіржан кезекшілікте тұр. Жұмыстағы алғашқы күні. Себебі басшылық өзгеруде. Ол: „Менің кезекшілігімде ештеңе болмаса екен. Ah."– деп айтады. Сосын кенеттен сыныбы есіне түсіп кетті. „Ah, олар бірдеңе бүлдірмесе екен"– деп ойлады. Дәл [осы] уақытта сыныбындағы балалар төбелесіп, тақтаны сындырып [алды]. Мейіржан кезекшілікте тұрғанда сыныбының жағдайын көп ойлады және сол уақыттарда сыныбында бірдеңе болады екен.

Мейіржан қарындасымен ақылдасты. Сол кезде Іңкәр оған айтты: „Әрине, солай болады! Аға, сен ұмыттың ба?! Не ойласаң сол орындалады" деп әжеміз айтты. Сол себептен сен тек жақсыны ойла!" Мейіржан Іңкәрдің кеңесін тыңдайды.

Содан бері оның қолынан бәрі келеді.

Әрине-әлбетте.

Хорлан

## Жұмыссыздық мәселесі

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2013 жылдың ақпан айында Қазақстанда 493,2 мың адамды құраған жұмыссыздар саны болып тұр. Бұл еліміздегі қарастырылуы тиіс мәселелердің бірі болып табылады. Осы мәселеге қарасты „Жұмыспен қамту орталығы" да еңбек етуде. Жұмыспен қамту орталығы деп – жұмыссыз жүрген адамдарды жұмыспен қамтамасыз ету үшін көмектесетіндерге арналған орын, яғни, орталық. Жұмыс орнында қызметкерлер әлеуметтік жағдайына не ақысыз демалысына байланысты немесе заңсыздық әрекеттері салдарынан, белгіленген жұмыс көлемін еңбек (деним) шартына қатысты жұмысынан айрылуының кесірінен жастар жұмыссыздыққа ұшырап жатыр.

статистикалық – көрсеткіш
жұмыспен қамту орталығы –
әлеуметтік жағдай –



## Жұмысбастылық

Қазіргі таңда жұмысбастылық әлемдік мәселе. Бұл мәселені шешу үшін ең алдымен жұмысбастылық сөзіне анықтама беріп өтейік. Жұмысбастылық – жеке бастың, заңға қайшы шықпайтын, табыс әкелетін еңбек ақысы. Жұмысбастылықтың басты мәселесі ол ақылы қызметкер мен еңбек шарты. Әрбір жұмыс беруші қызметкерге ақылы демалыс ұсына алмайды, ал қазіргі адамдардың әлеуметтік жағдайына қарай отырып ақылы демалыстың үлкен сұранысқа ие екенін түсіне аламыз. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек біліктілік талаптары жұмысқа алудағы алғы шарттардың бірі. Қазақстан Республикасында жұмысбастылық мәселесімен айналысатын арнайы жұмыспен қамту орталықтар бар. Бұл орталықтар еңбекті қорғау мен жастар арасындағы жұмыссыздықпен айналысады. Сонымен қатар олар заңсыз жұмыс беру мен белгіленген жұмыс көлемінің қайтпас көп болуымен айналысады.

ақылы қызметкер – [illegible] ай сайын ақша алатын адам
еңбек шарты – келісім шарт
еңбек ақысы – айлық
жұмыс беруші – бастық
ақылы демалыс –
әлеуметтік жағдай –
біліктілік талаптары –
жұмыспен қамту орталығы –
еңбекті қорғау –
жастар жұмыссыздық
заңсыздық –
жұмыс көлемі –

Ғылыми стильдің элементтері (термин) бар публицистикалық стильде жазылған баяндама

Бес саусақтай білу – жетік білу
Көзі ашылу – санасы ояну ✓

Жетітоқсанның сегізі

Сынып жұмысы

Қызықты әңгіме жазу

„Құс жолы" галактикасының бастығы мистер Күн болған екен. Оның жанында көркіне көзі тоймайтын, нұрлы сәулесі жарқырап тұратын Ай болыпты. Сол себепті, сұлу нәрсенің барлығын айға теңейді екен. Бұл галактикада Күн 9 бала-шағасы болған. Ең кенжесі Плутон екен. Біраз оның бұзақтылығы және жарқырамауы Күнге ұнамайды.

– Мына жұлдыздардай жарқыраудың орнына, өзіңнің жағымсыз қасиеттеріңмен мені ызаландырасың! – деп, мистер Күн оны жазаламақ болады. Сондықтан, оны галактиканың ең шеткі бұрышына қамап қояды. Оның айдай сұлу қызы Шолпан өзгелерге қарағанда ұзақ жарқырайды. Ал Жер деген ұлы үнемі бітпейтін мәселе туындаты жүреді. Марс қарапайымдылығымен ерекшеленеді.

Бір күні Құс жолына өзге галактикадан жаулары келеді. Күнді әбден қыздырып, отқа айналдырады. Ал Плутонды сол қамап қойған жерімен мәңгілікке бекітіп тастайды. Айдан сұлулығын тартып алып, Қара түнек кетіп қалады. Осы жағдайдан соң, мистер Күнге жақындау мүмкіндігі жойылады. Қалған сегіз баласы бір-бірі мен ұрысып қалады. Сол себепті, арақашы тығын ұнатпайтын. Күнді айналшықтап жүреді. Ай өз сұлулығын жоғалтқанын қайтырып, Күнге бет-бейнесін көрсетпе қашып жүреді. Осымен, Құс жолы галактикасы мәңгілікке осындай қалыпқа түсіп, өз ретімен өмір сүред

Өте қызық әңгіме. Маған ұнады. Грамматикалық норм ға сай жазылған. Критерийлерге сай ✓ Хор

Мәтінді оқып, тілдік құралдарының қолданылуы арқылы стиль түрін ажыратыңыз.

Қылмыс – бұл құқық бұзушылықтың бір түрі. Қылмыс басқа құқық бұзушылықтардан, оның қылмыстық заңмен белгіленетіндігімен және оны жасағанда қылмыстық жауапкершіліктің болуымен ерекшеленеді. «Қылмыс» ұғымы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 9–бабында берілген: «Осы кодексте жазалау қатерімен тыйым салынған қоғамдық қауіпті әрекет – қылмыс деп танылады».
Қылмыстың төмендегідей белгілерін атап өтейік.

1. Қылмыс әрқашан іс – қимыл болып табылады, яғни, ол әрекетпен де, әрекетсіздікпен де жасалуы мүмкін.

Әрекет – бұл қылмыс жасаудың белсенді нысаны. Әрекетсіздікте кінәлі адам өзі жасай алатын әрекетті және жасалуы тиіс әрекетті жасамайды. Адамның ойлау қызметі жазаланбайды, өйткені ол қоғамға қауіпті теріс қылық жасауға алып келмейді.

2. Қылмыс – бұл қоғамға қауіпті әрекет, яғни ол қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға зиян келтіреді немесе зиян келтіруге нақты қауіп төндіреді.
3. Қылмыс - әрқашан құқыққа қайшы болады. Құқыққа қайшылық – бұл қылмыстық заңның әрекетке тыйым салуы. Құқыққа қайшылық деп қылмыстық кодексте бекітілген тыйымды қылмыс жасаған адамның бұзуын айтады.
4. Қылмыстың міндетті белгісінің бірі адамның кінәсінің болуы. Қасақана немесе абайсызда жасалған әрекет қылмыс болуы мүмкін.
5. Жазалану. Егер әрекет жазаланбайтын болса, онда ол қылмыс ретінде қарастырылмайды. Әрбір қылмыс үшін қылмыстық кодексте жаза қарастырылған.

Қылмыс жасаудың да себептері әр түрлі. Біреулер қылмысты абайсызда жасаса, енді біреулері заңды білмеуден, енді бірі қасақана, тағы басқалары арақ, есірткі заттардың буынан қылмысқа барады.

Жоқшылықтан қылмысқа баратын, керісінше баршылықтың, байлықтың арқасында не істерін білмей қылмысқа ұрынатындары да кездеседі. «Тамағы тоқтық, көйлегі көктік аздырар адам баласын» деген қанатты сөзді ұлы Абай осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын айтса да, өзінің құндылығын осы уақытқа дейін жоғалтқан емес.

Кез-келген қоғамдағы қылмысты - азайтатын да, көбейтетін де, сол мемлекеттегі әлеуметтік жағдай мен экономикалық ахуалдың деңгейі. Қоғамның дамуына байланысты әр кезеңде қылмыстың, жазаның да дамып, өзгеріп отыратыны заңды құбылыс.

Еліміздегі жұмыссыздық, халықтың әлеуметтік жағдайы, идеологиялық саясат, қоғамдық сананың өзгеруіне байланысты – қоғамымызда ауыр қылмыстардың өсіп жатқаны баршамызға аян. Мысалы: терроризм (233 бап)– қазіргі дәуірдегі ең қауіпті қылмыс түрі болып табылады. Мұндай қылмыстар ұлттық шектен шығып, халықаралық сипат алуда.

http://kitaphana.kz/ru/downloads/referatu-na-kazakskom/212-zan/2976-kilmis-ygimi.html

Бұл мәтіннің стилі ғылыми. Себебі нақты дәлелдер келтірілген, автор көзқарасы біл-дірілмеген.

Қатемен жұмыс:

Мәтін публицистикалық стильге жатады. ~~Бұл~~ Себебі, мақала болып табылады. Кең көзделген аудитория және түсінікті лексика